



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 4,
тел.: +7(7172) 74 72 54, 74 72 55,
тел/факс: +7(7172) 24 29 08,
E-mail: hat_senat@parlam.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 4,
тел.: +7(7172) 74 72 54, 74 72 55,
тел/факс: +7(7172) 24 29 08,
E-mail: hat_senat@parlam.kz

20 ____ жылғы _____

от _____ 20 ____ года

№ _____

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
А.Ұ. МАМИНГЕ**

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында қоғамды толғандыратын негізгі мәселелер Парламентте талқыланып, олардың шешімдері табылуы тиіс екендігі атап өтті. Ағымдағы жылдың шілде-тамыз айларында халықпен кездесіп, олардың әртүрлі сипаттағы қиыншылықтарынан хабардар болдық.

Ақтөбе облысы еліміздегі экономикалық және стратегиялық маңызы мен инвестициялық әлеуеті зор ірі облыстардың бірі. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізі Еуропа мен Азияның ең алыс нүктелері арақашықтығын қысқартатын облыс бола тұрғанымен, Ақтөбе мен Елорданы байланыстыратын «Нұр-Сұлтан – Ақтөбе», «Ақтөбе – Нұр-Сұлтан» бағыты бойынша тікелей қатынайтын пойыз маршруты 2018 жылдан бері алынып тасталған. Осының салдарынан Елордаға қатынайтын азаматтардың, оның ішінде студенттердің де жоғарыда қабылданған шешім ашу-ызасын келтіруде. Түсінуге болады, себептері жоқ емес. Енді Ақтөбе қаласына жету үшін ыңғайсыз уақытпен жүретін «Нұр-Сұлтан – Орал» пойызын қолданулары тиіс. Ал осы маршрут бойынша билет иеленуге кем дегенде 1,5 миллионға жуық екі облыстың тұрғындары бәсекеге түседі. Бұл ретте билеттердің тапшы болатындығы күмән тудырмайды.

Жаз шығысымен және мерекелер қарсаңында билеттер жоқ болып кетеді. Бағыңыз жанып таба алған жағдайда, бағасынан шашыңыз тік тұрады.

«Темір жол билеттерінің тапшылығы қолдан жасалып отыр», деп Президент өз Жолдауында басып айтты. Қолдан жасап жүргендер де белгілі - алыпсатарлар. Жеке кассалармен сыбайласқан делдардардың кінәсімен, жұртшылық билет таппай вокзалдарда сандалып немесе темір жол кассаларына сүзіліп отырады. Құны 6-12 мың тұратын билет есейленіп 58 мың теңгеге сатылып жатқанының бұқаралық ақпарат көздерінде жарияланған болатын. Бұл мәселе алғашқы рет көтеріліп тұрған жоқ. Өңірдегі халықтың жанайқайын жеткізу мақсатында облыс басшылығы «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясының басқарма төрағасына бір емес, екі хат жолдаған және Парламент қабырғаларында да бұл мәселе талқыланған. Алайды бұл күрделі сұрақтың оң шешімі әлі табылған жоқ.

Темір жол тасымалындағы тұрмыстық жемқорлықтың алдын алу үшін қабылданған жол картасы өз жұмысын қашан бастайды, нақты нәтижесін қашан көреміз? Билет тапшылығының ушығуына өз ықпалын тигізіп жүргендерге қатаң шаралар қашан қолданылады?

Ақтөбе облысы – еліміздің 4-ші ірі мегаполисі, құтты мекені. «Ақтөбе - Нұр-Сұлтан» бағытымен жолаушылар тасымалын қайта қалпына келтіру, облыстың одан әрі даму перспективасына жаңа серпін беріп, жүзі жарық тұрғындарының өтініш-тілектерін қанағаттандыра еді. Осыған орай, жоғарыда аталған мәселелердің оң шешілуіне ықпал етесіз деп сенеміз.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27 - бабына сәйкес, депутаттық сауалды қарау нәтежиелері туралы заңда белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

М.С. ЖҰМАҒАЗИЕВ

М.М. ТАҒЫМОВ

орынд. Арыстанбеков Н.
тел.74-73-81

Келісу шешімдері

27.09.2019 17:13:11: Тағымов М. М.(Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті) - - ескертпелерсіз келісілген

27.09.2019 17:19:49: Агиса Б. А.(Жалпы бөлімі) - - ескертпелерсіз келісілген

27.09.2019 17:23:34: Токсаба А. .(Жалпы бөлімі) - - ескертпелерсіз келісілген

27.09.2019 17:28:43: Раймбеков К. У.(Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетімен өзара байланыс жасау бөлімі) - - ескертпелерсіз келісілген

27.09.2019 17:34:57: Уртембаев А. К.(Сенат Аппаратының Басшылығы) - - ескертпелерсіз келісілген

30.09.2019 09:20:55: Уакпаев М. С.(Сенат Аппаратының Басшылығы) - - ескертпелерсіз келісілген

Қол қою шешімі

30.09.2019 09:59:18 Сыдыков С. С.. Қол қойылды